**№8 «Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасы**

# *Циклограмма*

***2022-2023***

***Ересек «Жас ұлан»***

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы: №8«Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасы**
**Топ: *Ересек «Жас ұлан»***
**Балалардың жасы: 4 *жаста***
**Жоспардың құрылу кезеңі: *29.08 –02.09.2022ж. Іапта***

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі 01.09.2022 | Жұма 02.09.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | | **Құрылымдалған ойын: «Артық-кемді ата»** | **Құрылымдалған ойын: «Дәл осындай пішінді тап»** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңертеңгі жаттығулар кешені №1<br>**(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асты әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | | | **Шаттық шеңбері**<br>Кәнеки, бір-бірімізбен амандасайық!<br>Армысың, Әлем!<br>Армысың, Жарық күн!<br>(Қолдарын жайып, көкке | **Шаттық шеңбері**<br>Айтамыз алғыс қайталап,<br>Тыңдайды бізді шартарап. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | көтереді.)<br>Армысың, абзал Адам!<br>(Қолдарын алға созады.)<br>Армысың, менің досым! | Өмір сүру – бір бақыт.<br>Дос бола білу – шын бақыт! |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | | **Музыка**<br>Музыкалық шығарманы тыңдап,қабылдауға, айырмашылықтарын ажыратуға үйрету. Әуенге әсерлену, ырғақтық, динамикалық есту қабілеттерін дамыту.<br>**Музыка тыңдау: «Мұғалім ол біздің»**<br>**Музыкалық-ырғақты қимыл:** Әуенді- қимылды ойын: **«Қандай әуен»** төменгі дыбыстарға сай қоңырауларды сылдырлату. | **Музыка**<br>Музыкалық шығарманы тыңдап,қабылдауға, айырмашылықтарын ажыратуға үйрету.<br>**Музыка тыңдау: «Атам әже»**<br>**Ән айту:**«Жақсы көрем атамды» б.Бейсенова<br>**Музыкалық-ырғақты қимыл:** Әуенді-қимылды ойын.<br>**«Қандай аспап»** төменгі дыбыстарға сай қоңырауларды сылдырлату. **Әуенді-ырғақты қимыл:** «Биге шақыру»<br>Бір баланы ортаға шақырып өзіне сыңар іздеп табуына ықпал жасау. |
| | | | | Білім күні туралы әңгімелесу, кітаптар қарау **(көркем әдебиет)**<br>Мерекелік шарларды салу **(сурет салу)**<br>Балалардың қалауы бойынша орталықтарда жұмыс. Балабақшадағы білім күні мерекесіне қалай дайындалғандары туралы әңгімелесу **(сөйлеуді дамыту).**Еркін | Ғажайып сәт «Тасиа бала» қонаққа келеді. Балаларға әртүрлі сыйлықтар алып келгенін айтады. Әр түрлі кітаптар қаламдар, түрлі түсті қағаздар, желім және ермексазды береді. Балалардың қалауы бойынша кітап қарауға **(сөйлеуді дамыту)**,әр бала |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | такырыпта шығармашылық **(Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)** іс әрекеттерін балалардың қалауы бойынша ұйымдастыру<br>Балаларды ортаға жинап сергіту сәтін жасау. Әр баланың салған шарларын санау, салыстыру **(математика негіздері)**<br>Таңдауы бойынша орталықтарда ауысып жұмыс жасау.<br>Білім күніне арналған таза ауадағы мерекелік концерт. Балалардың бірге ән айтып би билеуін ұйымдастыру. **(музыка)**<br>Балалардың еркін ойындары.<br>**(дене белсенділігі)** | таңдауы бойынша кітаптың суретін салуға **(сурет салу)**, жапсыруға, мүсін жасауға бөлу. **(жапсыру, мүсіндеу)**<br>Кітаптарды серуенге алып шығып, тамашалап тақпақтар жаттау **(көркем әдебиет)**<br>Балалардың еркін ойындары.<br>**(дене белсенділігі)**<br>Кітаптардың пішінін атау, салмағын анықтау, ауыр жеңілін, үлкен кішісін топтастыру **(математика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моторикаы дамыту**).Қатармен жұптасып жүруді, катарды бұзбауды үйрету. | | | | |
| **Серуен** | | | | **Картотека№1**<br>**Ауа райын бақылау**<br>Ауа райы: күн әсері мен шуағына бақылау жасау **(қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**Құрылымдалған ойын: «Орамалмен ойын»** | **Картотека№2**<br>***Желді бақылау***<br>Табиғат: Балалабақша аймағын аралап, балабақшада өсетін көкөністерді тамашалау, атау. **(қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>**«Жел мен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **жапырақтар»** |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар жән т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**<br>Ереже:<br>Тамақ ішер кезде енді,<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз.**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. | | | | |
| | | | | **Баяу әуен тыңдату** | **«Шалқан» ертегісі** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар)**.<br>**Ояну жаттығуы №1** | | | | |
| **Бесін ас** | Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітапта р қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | | Ауа райы: туралы күнтізбеден табиғат бұрышында тапсырмаларды орындау.<br><br>Конструкторлардан балабақша құрастыру. **(құрастыру)** | Психологиялық ойын «Өз күлкіңмен бөліс» Балалардың қалауы бойынша құрастыру материалдарынан балабақша, мектеп құрастыру. **(құрастыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | | **Психологтың жеке баламен жұмысы:** Топқа жаңадан келген балалармен бейімдеу жұмыстары. | **Жеке баламен жұмыс**: Шахмардан, Нұрлыхан, Нұрәлимен топтағы қарапайым ережелерді үйрету |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моторикаы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | | | | **Құрылымдалған ойын: «Паравоз»** Желдің қай жақтан соғып тұрғанын бақылау. Балалардың қалауы бойынша жеке жұмыстар, еркін ойындар | **Құрылымдалған ойын: «Ұшты-ұшты»** Өсімдіктерге жасаған күтім нәтижесін көрсету. Балалардың қалауы бойынша жеке жұмыстар, еркін ойындар |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | | | Ата-аналармен баланың балабақша бейімделуі жайында сұхбат | Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру |

Тәрбиешілер: К.Жүнісова
Ж.Жаримбетова

28.08.2022. Тексердім [signature]

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы: №8«Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасы**
**Топ: *Ересек «Жас ұлан»***
**Балалардың жасы: *4 жаста***
**Жоспардың құрылу кезеңі: *05 –09.09.2022ж. II апта***

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 05.09.2022 | Сейсенбі 06.09.2022 | Сәрсенбі 07.09.2022 | Бейсенбі 08.09.2022 | Жұма 09.09.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты -жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Құрылымдалған ойын: «Үйдің есігін жабайық»** | **Құрылымдалған ойын: «Вагондарға дөңгелек таңдау»** | **Құрылымдалған ойын: «Үй құрылысының ретін көрсет»** | **Құрылымдалған ойын: «Бет орамалға лайық жамауларды табу»** | **Құрылымдалған ойын: «Жұбын тап»** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңертеңгі жаттығулар кешені №2<br>**(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.<br>Әумин десең маған,<br>Алтыннан-жаған,<br>Күмістен таған<br>Оң жағыңнан кетпесін,<br>Тілеуің қабыл,<br>Мұратың асыл болсын, Әумин**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалар жаңалықтарымен бөліседі, жақсы тілектер тілеу. «Кітап қайдан келеді?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б.**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жұмбақ**<br>Қабат-қабат қаптама.<br>Ақылың болса аттама.<br>/кітап/ | **Жұмбақ**<br>Қабат-қабат қатталған.<br>Асыл сөзбен апталған.<br>Парағы бар сөйлейтін.<br>Ол қазына өлмейтін.<br>/кітап/ | **Жұмбақ**<br>Теңіздей түбі терең,<br>сүңгіген жетер әрен.<br>/кітап/ | **Жұмбақ**<br>Жаны жоқ болса да,<br>Ақылды адам ісін істейді<br>/кітап/ | **Жұмбақ**<br>Сандығым бар өзгеше ,<br>Қолыма алып жүремін,<br>Ішін ашып ақтарып<br>Өмір сырын білемін<br>/кітап/ |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Денешынықтыру**<br>Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру заттардың арасымен доптарды бір-біріне домалату<br>**Құрылымдалған ойын: «Доп»** | **Денешынықтыру**<br>Екі қолды белге қойып, екі жаққа иілу. Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру заттардың арасымен доптарды бір-біріне домалату<br>**Құрылымдалған ойын: «Кім жылдам?»** | **Денешынықтыру**<br>Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру<br>**Құрылымдалған ойын: «Кім епті?»**<br><br>**Қазақ тілі**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту .<br>**Құрылымдалған ойын: «Кітап»** | **Музыка**<br>Музыкалық шығарманы тыңдап,қабылдауға, айырмашылықтарын ажыратуға үйрету.<br>Әуенге әсерлену, ырғақтық, динамикалық есту қабілеттерін дамыту.<br>**Алма биін билету әуеннің ырғағына еркін би қимылдарын жасайды.** Би барысында секіртпелі қимылды, орын ауыстыру, бір қырымен<br>**Музыка тыңдау: «Атам әже»**<br>**Ән айту:**«Жақсы көрем атамды» б Бейсенова<br>**Музыкалық-ырғақты қимыл:** Әуенді-қимылды ойын: «Қандай аспап» төменгі дыбыстарға сай қоңырауларды сылдырлату. | **Музыка**<br>Көңілді, сабырлы, мұңды музыкалық шығармаларды ажырата білуге үйрету.<br>**Музыка тыңдау:** Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау<br>**Ән айту:** Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындау<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | аспаптарды таныстыру.<br>**Билер:**<br>Әуеннің көңілді би сипатын кабылдауға үйрету. |
| | Балалар калаулары бойынша іс әрекеттерді таңдап, орталыктарға барып жұмыс жасайды Бірінші орталыкта біздің топта кандай кітаптар бар? **(Коршаған ортамен таныстыру, зерттеу әрекеті)**<br>Өзіміз кітап жасаймыз. Балаларға кағаздарды желімдеу арқылы кітап жасату **(жапсыру)**<br>Өз калаулары бойынша кітап мұқабасын сәндеп сурет салу **(сурет салу)**<br>Кітаптарын жасау бойынша жұмыстарын жалғастыру **(сурет салу, жапсыру)**<br>Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру **(математика негіздері)** | Кітап дүкені және кітапхана туралы балардың ойларын тыңдау, кітапханада және кітап дүкенінде рөлдік ойынын ойнау. Айырмашылықтарын білу. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Ертегі кітап суретін салу **(сурет салу)** | «Менің сүйікті кейіпкерім» әңгімелесу. Кітаптардан суреттерін карау. Өз ойымен бөлісу. Ойыншығы арқылы іс әрекетін көрсету. Сахналау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>Сүйікті кейіпкерінің суретін салу, мүсінін жасау немесе қиып бейнесін жапсыру **(сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)** | «Менің алғашқы кітабым» такырыбында балалармен әңгімелесу. Сурет кітаптарын бояу. Жазушымен кездесу. **(сөйлеуді дамыту)** Топтағы кітап орталығын шарлармен әр түрлі суреттермен сәндеу **(сурет салу)** «Кітап сөреге калай келеді» тақырыбында әңгімелесу. Кандай мамандар кітап шығару жолында кызмет ететінін фильм арқылы тамашалау **(коршаған ортамен таныстыру)** Рөлдерге еніп ойнау. **(Көркем әдебиет)** | Кітапка камкор боламыз. Кітаптарды калай күтіп ұстау керектігі туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)**Балаларға жыртылған кітаптарды түптеп, жапсырып жөндеуге беру.<br>Өз колдарымен жасаған кітаптармен сөрені толтыру. **(жапсыру)** |
| **Серуенге дайындык** | Балалардың дербес кимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды калыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі кызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | **Картотека№3**<br>Кітап жасау үшін ағаштарға камкор болу керектігі туралы | **Картотека№4**<br>Мектеп кітапханасына экскурсия жасау<br>**Құрылымдалған ойын:** | **Картотека№5**<br>Сүйікті кейіпкерлерін серуенге алып шығу, еркін ойындар | **Картотека№6**<br>Киімдерге бақылау<br>Күз мезгілінде адамдардың | **Картотека№7**<br>Мультфильм балалардың калауы бойынша таза ауада |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әңгімелесу, ағаштарға қамқорлық жұмыстарын жүргізу<br>Еркін тақырыпта балалардың қалауы бойынша ойын ұйымдастыру | «Өз түсіңді тап», балалардың еркін ойындары | «Құстар біздің досымыз» балабақша ауласында ұшып жүрген құстарға бақылау жасату | киімдерінде болатын өзгерістерді байқау, ерекшеліктерін атау | немесе топта басқа топ балаларымен бірге мультфильм тамашалау |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану. Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| | **Ереже:**<br>Тамақ ішер кезде енді,<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз. | **Бата**<br>Асқа адалдық берсін,<br>Денге саулық берсін. | **Тақпақ**<br>Нан қиқымын шашпаймыз<br>Жерде жатса баспаймыз | **Ереже**<br>Дастарханның басында<br>Әдеттен біз озбаймыз | **Бата**<br>Дастарханың майлы болсын<br>Көңілің жайлы болсын. |
| **Күндізгі ұйқы** | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моторикалы дамыту)**Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Ертегілерін оқып беру **(көркем әрекет)** | | | | |
| | **Баяу музыка тыңдау** | **«Бауырсақ» ертегісі** | **Бесік жырын тыңдату** | **«Мысық,әтеш және түлкі» ертегісі** | **«Торғай мен тышқан» ертегісі** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киюі. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**<br>**Ойну жаттығуы №2** | | | | |
| **Бесін ас** | Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Үйірме жұмысы: «Қазақтың ұлттық ойындары» Тақырыбы:** Кіріспе.Қазақтың ұлттық ойындары Балалардың өздері құрастырған ертегісін тыңдау. **(көркем әдебиет)** | **Үйірме жұмысы: «Атамекен» Тақырыбы**: Кіріспе Кітапхана немесе кітап дүкенін құрастыру материалдарынан құрастыру. **(құрастыру)** Еркін рөлдік ойындар. Өз кітаптарын жасау жұмыстарын жалғастыру | **Үйірме жұмысы: «Жыр - терме» Тақырыбы:** Әнге, жырға қабілеті бар балаларды іріктеу Кітаптан ән жаттау, айту **(музыка)** Еркін іс әрекеттер. | Балалардың өз қолдарымен жасаған кітаптарынан көрме ұйымдастырып, басқа топтың педагогтарымен балаларын шақыру. | Балалардың таңдауы бойынша кітаптағы ертегілерді сахналау. Еркін рөлдік ойындар. **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | ***Жеке баламен жұмыс***: Аймереке мен Расулға жалпы дамытушы жаттығуларды үйрету | ***Жеке баламен жұмыс:*** Нұрлыхан мен Раянаға түрлі санамақтар айтқызып тіл ұстарту жұмыстарын жүргізу. | ***Жеке баламен жұмыс:*** Айжұлдыз бен Маликаға түрлі сұрақтар қойып толық жауап беруге үйрету | **Психологтың жеке баламен жұмысы:** Топқа жаңадан келген балалармен бейімдеу жұмыстары. | ***Жеке баламен жұмыс:*** Алдияр мен Раушанға «Суреттерді сөйлетеміз» ойынын ойнату |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | **Құрылымдалған ойын:** «Трамвай» Бүгінгі күн жайында әңгімелесу. | **Құрылымдалған ойын:** «Үрпек төбет». Кешкі табиғатты тамашалау. | **Құрылымдалған ойын: «Күн шуақ және жаңбыр** Үйде қандай ойын ойнайтыны жөнінде сұрау. Сол ойынды топпен ойнату. | **Құрылымдалған ойын: Ойыншықты алып кел.** Күзгі киімдерді атап, тауып көрсету. Ерекшеліктерін айтқызып пысықтау. | Бүгін көрген мультфилімі жайында әңгімелесу. Сюжеттерін сомдап ойнату**(сөйлеуді дамыту)** **Құрылымдалған ойын: Өз түсіңді тап** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата аналарды кітаптар бойынша жүргізілетін жұмыс жоспарымен таныстыру | Үйде кітап оқып беруге кеңес беру | Сүйікті кітабын алдырту | Баланың жасаған кітабын таныстыру | Сүйікті кейіпкерін сомдап ойнауын ұсыну |

*Тәрбиешілер: К.Жүнісова*
*Ж.Жаримбетова*

02.09.2022ж Тексерілді [signature]

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы: №8«Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасы**
**Топ:** ***Ересек «Болашақ»***
**Балалардың жасы:** ***4 жаста***
**Жоспардың құрылу кезеңі:** ***12 –16.09.2022ж. III апта***

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 12.09.2022 | Сейсенбі 13.09.2022 | Сәрсенбі 14.09.2022 | Бейсенбі 15.09.2022 | Жұма 16.09.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалардың көтеріңкі көңіл-күйде болуын ұйымдастыру. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді пысықтау. Баладан бақшаға келгенше не көргенін,қандай көңіл күймен келгенін сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында және болған жаңалықтар жайлы ата-анамен әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. **(сөйлеуді дамыту)** Педагог жетекшілігімен ойын:« Ойыншықты тап, сана», «Қуыршақ қонаққа дайындалуда», «Орнын тап», « Мен ертегі кейіпкерімін», «Әдемі кілемшелер» | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңертеңгі жаттығулар кешені №3<br>**(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.<br>Әумин десен маған,<br>Алтыннан-жаған,<br>Күмістен таған<br>Оң жағыңнан кетпесін,<br>Тілеуің қабыл,<br>Мұратың асыл болсын, Әумин | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалар жаңалықтарымен бөліседі, жақсы тілектер тілеу. «Менің сүйікті ойыншығым» тақырыбында әңгімелесі. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б.**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| | **Тақпақ**<br>Ойыншығым | **Тақпақ**<br>Ойыншықтарым көп | **Тақпақ**<br>Ойыншығым қуыршақ, | **Тақпақ**<br>Ойыншығым | **Тақпақ**<br>Ойыншығым көжегім, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрастырғыш,<br>Көрсетеді көмегін.<br>Кімге көлік, кімге үй, .<br>Құрастырам керегін. | менің,<br>Бәрін жақсы көремін.<br>Кешке дейін жалықпай,<br>Бірге ойнап жүремін. | Не берсем де жемейді.<br>Еркелігі соншама,<br>Көтермесем жүрмейді. | күшігім,<br>Сүп сүйкімді, жұп жұмсақ.<br>Шіренгені болмаса,<br>Отырғандай ұл жұмсап. | Қорықпайды, қашпайды.<br>Тәтті сәбіз ұсынсам,<br>Ұстай алмай тастайды. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Денешынықтыру**<br>Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау<br>**Құрылымдалған ойын: «Тез жүгір»** | **Денешынықтыру**<br>Аяқтың ұшымен көтерілу; екі аяқты кезекпен алға өкшемен, содан кейін ұшымен қою, тоқылдату. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау<br>**Құрылымдалған ойын: «Алға, балақай»** | **Денешынықтыру**<br>Оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау<br>**Құрылымдалған ойын: «Жылдам бол»**<br>**Қазақ тілі**<br>Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу<br>**Құрылымдалған ойын: «Суретті тап»** | **Музыка**<br>Музыкалық жетекші шағын әнді немесе әуенді ойнайды, ол ойнатылғанда әуеннің ритмитикалық суреті анық естілуі тиіс және музыкадағы ұзақ және қысқа дыбыстарды табу керек.<br>**Музыка тыңдау «Менің Отаным».** О.Байділдаев.<br>**Ән айту.** «Ата ананы тыңдаймыз». Бота Бейсенова<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыс:**<br>Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту. | **Музыка**<br>Отбасы мүшелерін атауға,білуге үйрету<br>Балалар дөңгелене шеңбер жасап отырады. Музыка ойнаған кезде, балалар ән ырғағына ілесіп, қол соғып, өлең айтады.<br>**Ән айту.** Кел балалар, шапалақтап<br>Алақанды ұрайық.<br>Жаңылғанды ортаға ап,<br>Бір өнерін сұрайық.<br>Қ – сы<br>Ла – ла – ла – ла,<br>Балақан.<br>Ла – ла – ла –ла, |
| | Топтағы сүйікті ойыншықтарын атау, алып келу.<br>Ойыншықтары не үшін сүйікті екенін айту, суретін салу немесе мүсінін жасауды ұсыну.<br>**(сөйлеуді дамыту, сурет** | «Ғажайып ойыншық жасау шеберханасымен» балаларды таныстыру. Балалар қалаған табиғи заттарды алып өз ойыншығын жасайды. **(құрастыру)**<br>Ойыншық жасау үшін | Менің ата анамның ойыншығы тақырыбында әңгімелесу. Олар қандай ойыншықпен және қалай ойнағаны туралы сұрау. Балалардың ойын тыңдау. **(сөйлеуді** | **Құрылымдалған ойын:** «Ойыншық неден жасалған» Ойыншықтарды биіктігіне қарай топтастыру санау,жұптастыру «Бестемше» ойын | Ойыншықтар жәрмеңкесі.<br>Балалардың жасаған ойыншықтарын басқа топтың балаларына тамашалату.<br>Қонақтарға музыкалық ойыншықтарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **салу, мүсіндеу)** Кітаптарда ойыншығының суреті барма қарау. Ертегіде ойыншығы туралы айтыла ма анықтау.**(көркем әдебиет)** Педагог жетекшілігімен ойын «Кім екенін тап» көздерін жұмып, қолдарымен қоржындағы ойыншықты тауып, атау. Ретімен, кері қарай санау **(математика негіздері)** | қажетті заттар тізімін дайындау. **(қоршаған ортамен танысу)** Ол ойыншықпен қалай ойнауға болатынын әңгімелеу **(сөйлеуді дамыту)** Ол ойыншықтың қандай болып шығатынын ойланып суретін салу.**(сурет салу)** | **дамыту)** Сол ойыншықтардың суретін салу. **(сурет салу)** Қуыршақ туралы тақпақ жаттау**(көркем әдебиет)** | құралы негізінде ұлттық ойыншығымен таныстыру. Қосу кемейту амалдарын үйрету **(математика негіздері)** «Асық» ойыны **(дене белсенділігі,математика)** Орамалдан бөпе жасау. **(құрастыру)** | пайдаланып концерт ұйымдастыру.**(музыка)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | **Картотека№8** Ұжымдық сурет салу. Плакатқа сөредегі ойыншықтарды санатып, суретін салдырту. | **Картотека№9** Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» | **Картотека№10** Сахналау (ойыншықтардың қимылын сомдау) | **Картотека№11** Күзде ересектерге аула сыпырушыға балабақша ауласын тазартуда көмек беру | **Картотека№12** «Ойыншықтар әлемі» балабақша ауласындағы ойын құралдарын атау, санау, пішіндерін салыстырып атау. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөзқолдану. Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| | **Бата** Асқа адалдық берсін, | **Тақпақ** Нан қиқымын | **Ереже** Дастарханның басында | **Ереже** Тамақ ішер кезде енді | **Бата** Дастарханың майлы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Денге саулық берсін* | *шашпаймыз Жерде жатса баспаймыз* | *Әдеттен бізтобаймыз* | *Сөйлемеймыз күлмейміз* | *болсын Көңіли жайлы болсын* |
| **Күндізгі ұйқы** | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөрете) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моторикаңы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Ертегілерді оқып беру **(көркем әрекет)** | | | | |
| | **«Қоян мен қырық қабат» ертегісі** | **Баяу музыка тыңдату** | **«Құлын, қозы, лақ» ертегісі** | **«Шұбар тауық» ертегісі** | **Бесік жырын тыңдату** |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату *(дене жаттығулар мен белсенділігі)*<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киюу. Түймелерін салау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моторикаңы дамыту)**Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**<br>**Оқыу жаттығуы №3** | | | | |
| **Бесін ас** | Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Үйірме жұмысы: «Қазақтың ұлттық ойындары»**<br>**Тақырыбы:** Тауық күрес<br><br>Топтағы ойыншықтарды қанау, бір алаca өлшемі бойынша топтастыру, салыстыру. Сөрелерге жеміс тізі бағдарлай отырып жайғастыру **(математика негіздері)** | **Үйірме жұмысы: «Атамекен»**<br>**Тақырыбы**<br>Тұрмағамбет ауылының географиялық орны<br><br>Өз ойыншықтарын жасауды жалғастыру. Балалардың таңдауы бойынша шығармашылық жұмыстар | **Үйірме жұмысы: «Жыр - терме»**<br>**Тақырыбы:** Өнге, жырға қабілеті бар балаларды іріктеу<br><br>**Өз ойыншықтарын жасауды жалғастыру. Ойыншық зауыттары туралы фильм, мультфильм тамашалау** | **Тақпақ**<br>Ұшағым бар ойыншық,<br>Ұшырмасам ұшпайды<br>Айналам деп аспанды,<br>Шарпағанға ұқсайды<br>Музыкалық ойыншықтармен танысу. Өнге қызығушылықтарын арттыру (**музыка**) | **Тақпақ**<br>Күшік,мысық,<br>балапан,<br>Құрбығым балақан<br>Кәне, бәрің тұрыңдар,<br>Ойын сауық құрыңдар<br>Жәрмеңкеге ата аналар үшін дайындау Балалардың жерлері туралы әңгімелесу |
| **Балалармен жеке жұмыс** | ***Жеке баламен жұмыс:*** сурет салу оқу іс-әрекеті бойынша Аймерекe мен Марфуғаға қылқаламды | ***Жеке баламен жұмыс:*** Шахмардан мен Нұрханға « Барлығы қанша?» сұрағына жауап | ***Жеке баламен жұмыс*** Сурет салудан Адия мен Айаруға жұмыс жүргізу , қаламды дұрыс | **Психологтың жеке баламен жұмысы:** Балалардың балабақшаға | ***Жеке баламен жұмыс:*** Нұрислам мен Нұрнерзентке қайшыны дұрыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұстатып , сурет салуды үйрету | беруге үйрету | ұстатып , түстерді ажыратуға үйрету. | қызығушылығын арттыру. Қатысатын балалар: Расул, Нұрәли, Әлинұр | ұстауға және пайдалана білуге үйрету |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.<br>**(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | **Құрылымдалған ойын:** «Допты қағып ал»<br>Еркін ойындар<br>Жеке әңгімелесулер | **Құрылымдалған ойын:** «Орамал тастамақ».<br>Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атау. | **Құрылымдалған ойын:** «Соқыр теке».<br>Ойыншық жасау бойынша жеке жұмыстар | **Құрылымдалған ойын:** «Хан талапай»»<br>Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу | **Құрылымдалған ойын:** «Ұшты-ұшты».<br>Жәрмеңкені ата аналарға таныстыру, концерттік бағдарлама |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналармен балалардың сүйікті ойыншығы туралы әңгімелесу | Ата анасының қандай ойыншықпен ойнағынын баласына айтып беруін сұрау. | Баласының жасап жатқан ойыншығына көмектесуін сұрау. | Ата анасымен ұлттық ойындарды ойнауын ұйымдастыру | Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу. |

Тәрбиешілер: К.Жүнісова
Ж.Жаримбетова

09. 09. 2022 ж. Тексерілді Мұрат

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы: №8«Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасы**
**Топ: *Ересек «Жас ұлан»***
**Балалардың жасы: *4 жаста***
**Жоспардың құрылу кезеңі: *19 –23.09.2022ж. IV апта***

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 19.09.2022 | Сейсенбі 20.09.2022 | Сәрсенбі 21.09.2022 | Бейсенбі 22.09.2022 | Жұма 23.09.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жайлы жағдай жасау. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуін қалыптастыру. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралыәңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Құрылымдалған ойын: «Таныс пішіндер доминосы»** | **Құрылымдалған ойын: «Гараждар»** | **Құрылымдалған ойын: «Өз үйіңді тап»** | **Құрылымдалған ойын: «Зейінді бол»** | **Құрылымдалған ойын: «Мынау қай пішін?»** |
| **Таңертенгі жаттығу** | Таңертенгі жаттығулар кешені №4 **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру.Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Балалар жаңалықтарымен бөліседі, жақсы тілектер тілеу.<br>«Менің отбасым», «Менің атам мен әжем», «Мен анама қалай көмектесемін» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| | **Ең жақсы сөз**<br>Ең жақсы сөз - ана<br>Ең жақсы сөз – бала<br>Өсіп жатса бала<br>Ана оған пана<br>Аман болсын ана | **Ана**<br>Келбетінде ұлылық<br>Даладан кең пейілі<br>Ана деген жылылық<br>Ана деген мейірім | **Туысқан**<br>Аға деген іні деген<br>Барлығы бір туысқан<br>Аға деген іні деген<br>Жаралғанда құрыштан<br>Аға , іні- туысқан | **Әжем**<br>Таусылмайды өлеңі<br>Күнде айтып береді<br>Барған сайын бір жаққа<br>Кәмпит алып келеді<br>Әжем мені өйткені | **Сыйлаңдар**<br>Үлкендерді сыйлаңдар<br>Алдын кесе қимаңдар<br>Өнегелі болыңдар<br>Өнегелі де иман бар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Аман болсын бала | | | Өте жақсы көреді | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Денешынықтыру**<br>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару, саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, бір-бірден сапқа тұру<br>**Құрылымдалған ойын: «Төбеде до қу»** | **Денешынықтыру**<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік,ептілік) дамыту<br>**Құрылымдалған ойын: «Көги-көк»** | **Денешынықтыру**<br>Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю, алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу.<br>**Құрылымдалған ойын: «Күн мен түн»**<br>**Қазақ тілі**<br>Барыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға баулу.<br>**Құрылымдалған ойын: «Ертегіні тап»** | **Музыка**<br>Музыкалық жетекші шағын әнді немесе әуенді ойнайды, ол ойнатылғанда әуеннің ритмитикалық суреті анық естілуі тиіс және музыкадағы ұзақ және қысқа дыбыстарды табу керек.<br>**Ән айту.** «Ата ананы тыңдаймыз». Бота Бейсенова<br>«Ұстаз ана» Бота Бейсенова. Әнді айтар алдында сипатын ажыратып әуеніне мән беріп, таза орындау қажет.<br>**Музыкалық-ырғақты қимыл:**<br>«Ақ қайын»биі. Ақ қайын-сұлу, биік ағаш. Би әуеніне аяқтың ұшымен, жұптасып билеуге болады. | **Музыка**<br>Балаларды дыбыстың ұзақтығын ажырата білуге үйрету.Әуенді тыңдап,қысқа және ұзақ дыбыстарды анықтауға баулу.<br>**Ән айту.** Ән ырғағымен балалар бүркітше қанат қағады, еңкейіп саусақтарымен жер тірейді.<br>Көленкелер қайталап қимыл жасайды.<br>**Музыкалық-ырғақты қимыл:**<br>(Қасқырдың жүрісін бейнелейді) |
| | Балаларға өз отбасы мүшелерінің есімдерін атату, олар бізді қалай еркелетіп атайды, біз оларды қалай еркелетеміз әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Отбасы мүшелерінің суретін салу. **(сурет салу)**<br>«Отбасы» рөлдік ойындарын ойнау. | «Біз тұратын үй» туралы әңгімелесу. Отбасы мүшелері бір біріне қандай жақсы сөздер айтады. Бір бірін қалай сыйлайды. Отбасы мүшелерінің суреттерін көріп танысу.<br>Отбасы мүшелерін санау. Оларды | «Отбасылық демалыс» қалай өтеді. Кім қайда барады? Несімен ұнайды. Кітаптар қарау. **(сөйлеуді дамыту)**<br>«Анасының көмекшілері» аспаздық шеберлік. Балаларға қамырдан бауырсақ жасату. **(мүсіндеу)** | «Анаға сыйлық» балалардан аналары не жақсы көретінін сұрау. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Өз қолдарымен сыйлық жасау. Балалардың таңдауы бойынша табиғи материалдардан моншақ, білезік (жүннен) жасау. | «Құрметті қонақ» топқа отбасы мүшелерін қонаққа шақыру. Арнайы дайындалған әндерді, тақпақтарды айтып беру.<br>Анама арналған сөздер. Өз сезімдерін аналарына жеткізу. Дайындаған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Отбасында ойналатын сүйікті ойынды ойнау **(көркем әдебиет)**<br>Ұжымдық сурет салу Біздің тобымыз үлкен отбасы. Әр бала өзінің балабақшадағы бейнесін салады<br>**(сурет салу)** | сипаттау. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Балалардың қалауы бойынша сурет салу, мүсіндеу, жапсыру жұмыстарын жүргізу. **(сурет салу)**<br>Құрастыру материалдарынан үйшік құрастыру. **(құрастыру)**<br>Отбасы дүкенге, емханаға, ойын сауық орталығына барғанда тақырыбында сюжеттік рөлдік ойындар ойнату. **(көркем әдебиет)** | Құрастыру материалдарынан қандай ғимаратқа барғанын жасау.<br>**(құрастыру)** | Гүлдердің (немесе басқа да сурет) суретін салу **(сурет салу)**<br>Ермексазлан сувинир жасау.<br>Қағаздан гүл себетін құрастыру. **(құрастыру)** | сыйлықтарын беру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, музыка)**<br>Бақша ауласындағы ағаштар мен гүлдерді санау. Биіктігін өлшеу. **(математика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, **ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.** Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | **Картотека№13**<br>Күз мезгілінің ерекшеліктеріне назар аудару. Ағаштарды бақылау **(қоршаған ортамен танысу)**<br>Еркін ойындар | **Картотека№14**<br>Гүлдердің өзгеруін байқау **(қоршаған ортамен танысу)**<br>Еркін ойындар, жеке жұмыстар | **Картотека№15**<br>«Менің анамның және апайымның көмекшісімін» аулада тазалық жұмыстарын ұйымдастыру<br>Аула сыпырушысының еңбегімен танысу<br>Айналадағы тазалықты байқау<br>**(қоршаған ортамен танысу)**<br>Еркін ойындар. | **Картотека№16**<br>Аналарға дайындалатын сыйлыққа табиғи материалдар жинау.<br>Жұмыстарын таза ауада жалғастыру<br>Ауа райын бақылау. **(қоршаған ортамен танысу)**<br>Еркін ойындар | **Картотека№17**<br>Аналарына сыйлық бергендегі сезімдері туралы сұрау. Жақсы көретін әндерін қайталап айту.<br>Еркін ойындар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөзқолдану. Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| | **Ереже:**<br>Тамақ ішер кезде енді,<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Бата**<br>Асқа адалдық берсін,<br>Денге саулық берсін.<br>Дастарханға байлық берсін.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Тақпақ**<br>Нан қиқымын шашпаймыз<br>Жерде жатса баспаймыз<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Ереже**<br>Дастарханның басында<br>Әдеттен біз озбаймыз<br>Үлкендерді қасында<br>Қолды бұрын созбаймыз **(сөйлеуді дамыту)** | **Бата**<br>Дастарханың майлы болсын<br>Көңілін жайлы болсын<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Күндізгі ұйқы** | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды кітаптан ертегі қойып беру **(көркем әдебиет)** | | | | |
| | **«Мысық неге тамақтан соң жуынады?» ертегісі (көркем әдебиет)** | **Баяу әуен тыңдату** | **Электронды ертегі кітаптап аудиоертегі тыңдату** | **Бесік жырын тыңдату** | **«Үш аю» ертегісі (көркем әдебиет)** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату (дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**.<br>**Ояну жаттығулары№4** | | | | |
| **Бесін ас** | Кезекшілердіңжұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа** | **Үйірме жұмысы: «Қазақтың ұлттық ойындары»**<br>**Тақырыбы:** Алақан соқпақ | **Үйірме жұмысы: «Атамекен»**<br>**Тақырыбы** Тұрмағамбет ауылының географиялық орны | **Үйірме жұмысы: «Жыр - терме»**<br>**Тақырыбы:** Домбыра аспабының шығу тарихы<br>Отбасылық саяхат рөлдік | Әндер мен тақпақтар және билерді қайталау **(көркем әдебиет, музыка)**<br>Аналарға берілетін сыйлықтарын аяқтау | Апта бойы немен айналысқандарын естеріне түсіру. Ұнаған ойындарын қайта ойнау. Демалыс |